



**БҰЙРЫҚ
ПРИКАЗ**

№ _____ « _____ » _____ 202__ ж.

Ақтөбе қ.

«Индекстеу әдісін қолдана отырып, тарату желілері бойынша техникалық суды беру бойынша Ақсу ферроқорытпа зауытының қызметіне бекітілген тариф пен тарифтік сметаны өзгерту туралы»

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 638, 640-тармақтарына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа №1, 2-қосымшаларға сәйкес 2024 жылғы 1 наурыздан бастап «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы - Ақсу ферроқорытпа зауытының уәкілетті орган айқындайтын индекстеу деңгейінен аспайтын шамада тарату желілері бойынша техникалық суды беру бойынша қызметке бекітілген тариф пен тарифтік смета өзгертілсін.

2. Реттелетін қызмет жөніндегі басшы А.Т. Кужахметова тарату желілері бойынша техникалық суды беру бойынша қызметтерге тариф пен тарифтік сметаның өзгергені туралы хабардар етсін:

- ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментін тарифтің, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептерін қамтитын ақпаратты ұсына отырып, олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

- тұтынушыларды өзгертілген тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Экономика және бақылау жөніндегі директор М.Т. Кудековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бас директор

Прокопьев С.Л.

КЕЛІСІЛДІ:

Экономика және бақылау жөніндегі директор

Кудеков М.Т.

Реттелетін қызмет жөніндегі басшы

Кужахметова А.Т.

Таныстыру:

Таратылсын: іске, ЭЖҚД, БЕЖҚЕБ, ЭЖКБ, АқсФЗ орынд. Кужахметова А.Т. Тел. 23-14

"Қазхром" ТҰК" АҚ бұйрығына

№ 1-қосымша

" " 2023 жыл №

2024 жылғы 1 наурыздан бастап "Қазхром" ТҰК" АҚ филиалы - Ақсу ферроқорытпа зауытының тарату желілері бойынша техникалық су беру бойынша қызметке тариф

Көрсеткіш атауы	Өлш. бірл.	тариф, ҚҚС-сыз
Тарату желілері бойынша өрт сөндіру-ауыз су беру бойынша қызмет	теңге/ м3	16,68

"Қазхром" ТҰК" АҚ Бас директоры

Прокопьев С.Л.

Реттелетін қызмет жөніндегі басшы

Қужахметова А.Т.

"Қазхром" ТҰК" АҚ филиалы - Ақсу ферроқорытпа зауытының тарату желілері бойынша техникалық су беру, сумен жабдықтау қызметіне 2024 жылға арналған тарифтік смета

№ р/р	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	2024 жылғы 1 наурыздан бастап
1	2	3	4
I	Тауарларды өндіруге және қызмет көрсетуге арналған шығындар, барлығы	мың теңге	119 342,35
1	Материалдық шығындар, барлығы, о.і.	мың теңге	32 244,37
1.1	сатып алынатын энергия	мың теңге	32 244,37
2	Еңбекақы төлеуге арналған шығындар, барлығы, о.і.	мың теңге	33 704,89
2.1	жалақы	мың теңге	30 125,42
2.2	әлеуметтік салық	мың теңге	1 540,92
2.3	әлеуметтік аударымдар	мың теңге	948,95
2.4	МӘМС	мың теңге	903,76
2.5	МКЗЖ	мың теңге	185,84
3	Амортизация	мың теңге	10 413,42
4	Жөндеу барлығы о.і.	мың теңге	12 639,98
4.1	Негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін жөндеулер	мың теңге	12 639,98
5	Өзге де шығындар, барлығы, о.і.	мың теңге	29 860,85
5.1	күзет қызметтері	мың теңге	855,86
5.2	су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	мың теңге	4 857,93
5.3	су қабылдау құдығын пайдаланғаны үшін төлем	мың теңге	662,12
5.4	сақтандырудың міндетті түрлері	мың теңге	361,81
5.5	медициналық қызметтер	мың теңге	1 543,37
5.6	мүлік салығы	мың теңге	5 275,40
5.7	Мүлікті сақтандыру	мың теңге	16 304,35
II	Кезең шығыстары, барлығы	мың теңге	478,84
6	жалпы әкімшілік шығыстар, барлығы	мың теңге	478,84
6.1	Еңбекақы төлеуге арналған шығындар, барлығы о.і.	мың теңге	478,84
6.2	жалақы	мың теңге	430,36
6.3	әлеуметтік салық	мың теңге	22,01
6.4	әлеуметтік аударымдар	мың теңге	13,56
6.5	МӘМС	мың теңге	12,91
III	Қызмет көрсетуге арналған барлық шығындар, о.і.	мың теңге	119 342,35
IV	тауар өніміне арналған шығындар	мың теңге	962,36
V	пайда (- шығын) барлығы	мың теңге	-
VI	тарапқа барлық кірістер	мың теңге	962,36
VII	көрсетілетін қызметтердің көлемі оның ішінде	мың м3	7 152,93
	көрсетілетін қызметтердің көлемі (тарапқа)	мың м3	57,68
VIII	нормативтік шығындар	%	5,99
		мың м3	455,77
IX	Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/м3	16,68
	өндірістің өзіндік құны 1м3	теңге/м3	16,68
Анықтама:			
Персоналдың орташа тізімдік саны.		адам	14,20
оның ішінде:			
Өндірістік		адам	14,00
Әкімшілік		адам	0,20
Орташа айлық жалақы, барлығы, оның ішінде		теңге	179 318,00
Өндірістік персонал		теңге	179 318,00
Әкімшілік персонал		теңге	179 318,00

Ұйымның атауы
Мекенжайы
Телефон
Электронды поштаның мекенжайы
орындаушының тегі және телефоны

"Қазхром" Трнасултық компаниясы" акционерлік қоғамы
Қазақстан Республикасы, 030008 Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ.
87132-973-314
Kazchrome@erg.kz
Кужахметова А.Т. (87132-900-485) Ardak.Kuzhahmetov.a@erg.kz

"Қазхром" ТҰК" АҚ бас директоры
Күні желтоқсан 2023ж.

Прокопьев С.Л.

Уәкілетті органның ведомствосы айқындаған тарифті индекстеу деңгейінен аспайтын шамаға Ақсу ферроқорытпа зауытының сумен жабдықтау қызметтеріне тарифтің (техникалық су беру) өзгеруі туралы түсіндірме жазба

«Қазхром» ТҰК»АҚ Ақсу ферроқорытпа зауыты (бұдан әрі - АқсФЗ) сумен жабдықтау бойынша (тарату желілері бойынша техникалық су беру) реттелетін қызметтер көрсетеді.

«Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 10)-тармақшасына сәйкес АқсФЗ сумен жабдықтау (тарату желілері бойынша техникалық су беру) бойынша қуаты аз табиғи монополия субъектісі болып табылады, оның табысы табиғи монополия субъектісінің бір күнтізбелік жылдағы барлық реттеліп көрсетілетін қызметтерінен түсетін табысының бес пайызынан аспайды.

АқсФЗ сумен жабдықтау бойынша (техникалық су беру) қызметін көрсетуден түскен табыс 2023 жылы 696,5 мың теңгені құрады, бұл компанияның реттелетін қызметінен түскен жалпы табысынан 0,1% құрайды және қуаты аз қызметке жатқызудың Заңда белгіленген өлшемдерінен аспайды.

2023 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіле отырып, 1 м3 үшін 15,74 теңге мөлшерінде сумен жабдықтау бойынша АқсФЗ қызметіне (тарату желілері бойынша техникалық су беру) тариф Заңның 22-бабының 1-тармағының (1-тармақша) стратегиялық тауарлар құнының және стратегиялық тауарлар-электр энергиясын тасымалдауға мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің өзгеруі; (9-2-тармақша) бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің орташа айлық номиналды жалақысының өзгеруі негізінде әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №103-НҚ бұйрығымен бекітілген.

Бекітілген тариф сумен жабдықтау бойынша шығындарды өтемейді (тарату желілері бойынша техникалық су беру).

2023 жылы осы қызмет бойынша 696,5 мың теңге сомасында кірістер алынды, шығыстар 2 350,8 мың теңгені құрады. Нәтижесінде 2023 жылы 1 654,30 мың теңге сомасында шығын алынды.

2023 жылдың деректері бойынша қаржы-экономикалық көрсеткіштер келесідей қалыптасты:

Атауы	Өлш. бірл.	2023ж.көрсеткіштер
Көрсетілген қызмет көлемі	Мың М3	6801,17
о. і. тарапқа өткізілген қызметтердің көлемі	Мың М3	50,18
Өнімді өндіруге арналған шығындар	мың теңге	2350,80
Пайда / шығын	мың теңге	-1654,30
Барлық кірістер	мың теңге	696,50
Өзіндік құны 1 м3	теңге/м3	46,85
Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/м3	12,91 – (01.03.2021) 13,80 – (01.02.2023) 15,74 – (01.10.2023)

2023 жылдың қорытындысы бойынша осы қызмет бойынша шығын -1654, 34 мың теңге мөлшерінде күтіледі.

Заңның 18-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 638-тармағына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес «Қазхром» ТҰК» АҚ бекітілген тарифті уәкілетті орган айқындайтын деңгейден жоғары емес индекстеу жолымен жыл сайын тарифті белгілеуге құқылы.

Қуаты аз табиғи монополиялар субъектілерінің 2024 жылға арналған тарифін индекстеу деңгейі 6% мөлшерінде ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2023 жылғы 24 қазандағы №145-НҚ бұйрығымен айқындалған.

Қағидалардың 210-тармағына сәйкес индекстеу әдісімен тарифті есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$T = T_{\text{бек}} * \text{Динд},$$

мұнда T – индекстеу әдісімен айқындалатын тариф;

T_{бек} – уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф;

Динд – уәкілетті органның ведомствосы айқындаған индекстеу деңгейі.

2024 жылғы 1 наурыздан бастап қолданыстағы және өзгертілген тарифтердің салыстырмалы кестесі:

Реттелетін қызмет	Қолданыстағы тариф, теңге/Гкал	Өзгертілген тариф, теңге/Гкал	Ауытқу, %
сумен жабдықтау қызметі (тарату желілері бойынша техникалық су беру)	15,74	16,68	6,0

Қағидалардың 211-тармағына сәйкес шағын қуат субъектісі тарифті индекстеу кезінде уәкілетті орган 2024 жылға айқындаған индекстеу деңгейінен 6% жоғары емес шамаға шығындарды бөлуді дербес жүзеге асырады.

Тарифтің және тарифтік сметаның өзгеру себептері туралы ақпарат

Бекітілген индекстеу деңгейі шегінде тарифті өзгерту қажеттілігі негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін күрделі жөндеуге арналған шығындардың ұлғаюымен түсіндіріледі. Шығындардың өсуі материалдар мен қызметтер бағасының өсуіне байланысты.

Қағиданың 630-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес субъект жөндеуге жіберетін, негізгі құралдар құнының өсуіне әкеп соқпайтын қаражат осындай жұмыстың қажеттілігі туралы растайтын құжаттар негізінде тарифтің шығыс бөлігіне енгізіледі.

Жыл сайын Ақсу ферроқорытпа зауытының энергетикалық цехының учаскесімен техникалық су учаскесінің құбырларына ағымдағы жөндеу, қосалқы жабдықтау жөндеу және т. б. жүргізіледі.

Техникалық су бойынша бекітілген тарифтік сметада «жөндеу» бабы бойынша шығындар 5 918, 54 мың теңге мөлшерінде көзделген, 2023 жылы нақты шығындар 15 934, 57 мың теңгені құрады. 2024 жылы жөндеуге жоспарланған шығындар 12 639, 98 мың теңгені құрайды (ағымдағы жылы жүргізілген жөндеулер тізбесі және орындалған жұмыстар актілері қоса беріледі).

Уәкілетті органның ведомствосы айқындайтын индекстеу деңгейінен аспайтын шамаға сумен жабдықтау бойынша АқсФЗ қызметтеріне тариф пен тарифтік смета (тарату желілері бойынша техникалық су беру) өзгергеннен кейінгі негізгі көрсеткіштер кестеде келтірілген:

Атауы	Өлш. бірл.	Бекітілген тарифтік смета	Индекстеу деңгейін ескере отырып, 01.03.2024 ж. бастап өзгертілген	Ауытқулар, +/-

			тарифтік смета	
Көрсетілетін қызметтердің көлемі, барлығы	Мың м3	7 152,93	7 152,93	-
о.і. іске асырылған қызметтер көлемі	Мың м3	57,68	57,68	-
Смета бойынша барлық шығындар	мың теңге	800,50	962,36	161,86
Пайда	мың теңге	-	-	-
Бөгде тұтынушыларға іске асырылған қызметтерден түсетін табыс	мың теңге	800,50	962,36	55,85
Өзіндік құны 1 Гкал	теңге/м3	15,74	16,68	0,94
Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/м3	15,74	16,68	0,94

Индекстеу әдісін қолдана отырып тариф 1 м3 үшін 16,86 теңгені құрайды (өсім 6,0%), іске асырылған қызметтерден түсетін кіріс бөгде ұйымдарға 962, 36 мың теңгені құрайды, шығындар 962,36 мың теңгені құрайды. Тарифтік сметаның қалған көрсеткіштері өзгеріссіз қалды. Тарифтік смета Қағидалардың талаптарына сәйкес қалыптастырылды.

Сумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемі (тарату желілері бойынша техникалық су беру) бекітілген тарифтік сметада көзделген деңгейде қалады. Сумен жабдықтау бойынша көрсетілген қызметтердің жалпы көлеміндегі бөгде тұтынушылардың үлесі (тарату желілері бойынша техникалық су беру) 1% құрайды. Бұл қызметтің тұтынушылары «Ягодка» бау-бақшасы және заңды тұлға болып табылады.

Сумен жабдықтау бойынша қызметтерге (техникалық су беру) тарифтің өзгеруіне ұсынылған есептік материалдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дайындалды.

**«Қазхром» ТҰК» АҚ Реттелетін
қызмет жөніндегі басшысы**

Кужахметова А.Т.